

Абай облысы Бесқарағай ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер участекелерінің ең жоғары мөлшерін айқындау туралы

Абай облысы Бесқарағай ауданының әкімдігінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 195 бірлескен қаулысы және Бесқарағай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 5 шілдедегі № № 4/18-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 13 шілдедегі № 99-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1-бабының 2-1- тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 25 қантардағы № 42 "Уақытша жер пайдалану құқығымен Қазақстан Республикасының азаматында шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін, шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасында және оның үлестес тұлғаларында ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін болуы мүмкін республиканың және бір әкімшілік ауданының (қаланың), облыстың шегінде ауыл шаруашылығы алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекелерінің шекті (ең жоғары) мөлшерін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Бесқарағай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Бесқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Абай облысы Бесқарағай ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер участекелерінің қоса берілген ең жоғары мөлшері айқындалсын.

2. "Абай облысы Бесқарағай аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte:

1) Абай облысы Әділет департаментінде осы бірлескен қаулы мен шешімді мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен қаулы мен шешім оны ресми жариялағаннан кейін, Бесқарағай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуына бақылау жасау Бесқарағай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен қаулы мен шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аким Бесқарағайского района

T. Муратов

Бесқарағай аудандық мәслихатының төрагасы

M. Абылгазинова

Бесқарагай аудындық әкімдігі
 2023 жылғы 5 шілдедегі № 195
 мен
 2023 жылғы 5 шілдедегі № 4/18-VIII
 Бірлескен қаулысы мен
 шешіміне қосымша

№ p/c	Атауы	Жер телімінің ауданы, гектар
1	2	3
1	Абай облысы Бесқарагай ауданы бойынша шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер участеклерінің шекті мөлшері	700,0
2	Абай облысы Бесқарагай ауданы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын жер участеклерінің шекті мөлшері	2000,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК